

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 337 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 шілде N 1134. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.06. N 434 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 337 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 11-12, 124-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген, 2000 жылға арналған республикалық бюджетке кредиторлық берешектерді өтеудің ережесінде:

б - т а р м а қ т а :

үшінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің осы мемлекеттік мекеменің бюджеттік шоты ашылған жердегі аумақтық органына (бұдан әрі - қазынашылықтың аумақтық органы) бес данада кредиторлық берешекті салыстыру кесімдерінің түпнұсқаларын және мемлекеттік мекеменің басшысы растаған, бастапқы бухгалтерлік есеп құжаттарының көшірмелерін ұсынады.";

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік мекеменің осы Ережеге сәйкес бастапқы бухгалтерлік есебінің құжаттары :

1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 1 желтоқсандағы N 548 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдарға арналған бухгалтерлік құжаттаманың нысандары альбомының нысандары:

408-нысандағы (6 мемориалдық ордер) әртүрлі ұйымдармен есеп айырысу жөніндегі жинақтаушы ведомость;

292-а нысандағы кәртішке немесе 292-нысанды Есеп айырысулар кітабы;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 23 шілдедегі N 335 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша есеп айырысуларды түгендеу кесімі болып табылады";

7-тармақтағы бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазынашылықтың аумақтық органының жауапты орындаушысы салыстыру кесімдерінің деректерін жылдық бухгалтерлік баланс пен бастапқы бухгалтерлік есептің деректерімен салыстырады және N 1 нысан бойынша төрт данада, қазынашылықтың аумақтық органы мен мемлекеттік мекеменің басшылары қол қоятын және тиісті мөрлермен бекітілетін, 2000 жылғы 1 қаңтарға кредиторлық берешектің бар екендігі туралы анықтама жасайды. Бұл ретте бір тікелей берушіге бір анықтама беріледі.";

"Кредиторлық берешектің бар екендігі туралы анықтамаларды тіркеу журналы" N 2-нысанда 3-бағандағы "(тоғыз мәнді код)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі